



МУХТАР АЗЫ- АЗАЛЫ

№11
(2182)
Сәрсенбі
7 ақпан
2024 жыл

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

БІЛІМ САЛАСЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Әйтеке би кентіндегі Е.Бозғұлов атындағы №249 мектеп-лицейде аудандағы білім беру ұйымдарының жай-күйі туралы кеңейтілген мәжіліс өтті.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев төрағалық еткен басқосуға аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш, аудан прокуроры Дарын Әбіш, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов, аудандық мәслихаттың депутаттары, дербес бөлім басшылары, кент, қала және ауылдық округ әкімдері, аудандық қоғамдық кеңестің, ардагерлер мен әйелдер кеңесінің төрағалары, ата-аналар комитетінің өкілдері және аудандағы білім беру

беру ұйымдарындағы заңдылықтардың сақталуы және құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар жөнінде айтты.

Аудан прокуроры Дарын Әбіш жасөспірімдер және мектеп оқушылары арасындағы түрлі қылмыстардың алдын алу бағытындағы жұмыстарды бірлесіп атқаруға шақырды.

Жиында Қазалы қаласындағы №16 мектеп-лицейдің ата-аналар комитетінің төрағасы Ертай Қабылшаұлы бала тәрбиесіндегі ата-ана рөлі жайында сөз қозғаса, ардагер Өмірзақ Түктібаев көп жылдан бері білім саласындағы



ұйымдарының басшылары мен ұстаздары қатысты.

Жиында аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Желекешов аудандағы білім беру саласының жай-күйі туралы баяндама жасап, білім саласындағы атқарылып жатқан жұмыстар жайын баяндады.

Мұнан соң аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов балалар мен жасөспірімдер арасындағы қылмыс пен құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жүргізіліп жатқан шараларға тоқталды.

Аудандық прокуратураның прокуроры Алмат Алдабергенов білім

жағдайларға қанық болып келе жатқанын, соған сәйкес атқарылып жатқан шараларды қолдайтындығын жеткізді.

Сондай-ақ білім саласындағы жұмыстарға қатысты ата-аналарда өз сауалдарын қойып, ұсыныс-пікірлерін жеткізді.

Мәжіліс соңында аудан әкімі Мұхтар Әуесұлы елдің ертеңі – бүгінгі жас пен білімді ұрпақ екенін айтып, өңірдің білім сапасын арттыру, бала тәрбиесін әрдайым назардан тыс қалдырмау, әрбір бала үшін жайлы және қауіпсіз орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды бірлесе атқаруға шақырды.

СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ЖАҚСARTУ СУДЫ ҮНЕМДЕУГЕ СЕПТЕСЕДІ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен Сырдария өзенінің су шаруашылығы жағдайы, егісті әртараптандыру, ротация сақтау, су үнемдеу технологияларын кеңінен пайдалану және егіншілік саласын субсидиялаудағы биылғы өзгерістерді түсіндіру жөнінде мәжіліс өтті.

Мәжілісті жүргізіп отырған аудан басшысы жиынға қатысушыларға ауданымызға арнайы іс-сапармен келген Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Дүйсебаевты, «Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі «Арал-Сырдария» бассейндік инспекциясы басшысының орынбасары Зейнулла Қазтоғановты, «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы директорының орынбасары Айдос Асанбаевты, «Қазсушар» РМК Қызылорда филиалының Су шаруашылығы жөніндегі кеңесшісі Жорабек Ерназаровты, Қызылорда облыстық жер ресурстарын басқару департаменті

басшысының орынбасары Қанатбек Серікбаевты таныстырды.

Сондай-ақ, басқосуға ауданның салалық мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері мен ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары қатысты.

Биыл ауданда 17 377 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру, 6200 гектар күріш егу жоспарлануда. Қазір шаруалар тұқым дайындау, минералды тыңайтқыштар мен жанар-жағармай қорын қалыптастыру, техникаларды әзірлеу жұмыстарына қызу кіріскен.

Мәжілісте облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Талғат Тұрсынұлы сөз сөйледі. Мұнан соң арнайы келген қонақтар күн тәртібіндегі мәселелер бойынша хабарлама жасады.

Жиында талқыланған түйткілдер туралы тұшымды ой-пікірлер айтылып, ұсыныстар ортаға салынды.

ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев бекітілген кестеге сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауда аудан басшысы тұрғындардың арыз-шағымдары мен өтініштерін тыңдап, сауалдарына нақты жауап берді.

Қабылдауға келгендердің көпшілігі тұрғын үй кезегіне байланысты сауалдарын ортаға салды. Одан бөлек, жұмысқа орналасу мен жеке мәселелерін жеткізгендер болды.

Тұрғындардың өтініштерін мұқият тыңдаған Мұхтар Әуесұлы азаматтардың тарапынан айтылған мәселелердің заңдылығына сәйкес, оңтайлы шешімін табуы үшін тиісті жұмыстар жүргізілетіндігін жеткізіп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктеді.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ЖОБА

Қазалы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшерін төмендету туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазалы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлеме мөлшері 4 пайыздан 2 пайызға дейін төмендетілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

Лауазымы

Аты-жөні

Қазалы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимінің мөлшерлемесін төмендету туралы шешім жобасына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№ Түсіндірме жазбада көрсетілуге тиіс мәліметтердің тізбесі
Әзірлеуші мемлекеттік органның ақпараты

1. Әзірлеуші мемлекеттік органның атауы «Қазалы ауданының кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» КММ

2. Тиісті құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардың нормаларына, Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне, Президенттің, Президент Әкімшілігі, Үкімет және Үкімет Аппараты басшылығының хаттамалық және өзге де тапсырмаларына сілтеме жасай отырып, жобаны қабылдау үшін негіздемелер және/немесе оны қабылдау қажеттігінің басқа да негіздемелері

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)» Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес іске асырылады.

3. Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Республикалық бюджет комиссиясының шешімі (тиісті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Республикалық бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қоса беріледі) Жобаны іске асыруға байланысты, қаржы шығындары қажет етілмейді.

4. Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы

Жоба қабылданған жағдайда болжанатын әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдары жоқ

5. Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері
Қазалы ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимінің мөлшерлемесін төмендету

6. Жобада қаралатын мәселелер бойынша Президенттің және/немесе Үкіметтің бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер.

Жоқ

7. Енгізілетін жоба қабылданған жағдайда заңнаманы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу талап етілетін-етілмейтінін көрсету) не ондай қажеттіліктің болмауы.

Жоқ

8. Нормативтік құқықтық актінің жобасын мемлекеттік органның интернет-ресурсында, сондай-ақ ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы ақпарат (күні, байт саны) Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 30.01.2024 ж. орналастырылды.

Ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталына 30.01.2024 ж. жарияланды.

9. Әлеуметтік маңызы бар нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны уәкілетті мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы ақпарат

Қазалы ауданы әкімдігінің интернет-ресурс сайтында 30.01.2024ж. орналастырылды.

10. Нормативтік құқықтық акті жобасының Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі.

Жоқ

11. Нормативтік құқықтық акті жобасының қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығынының азаюын және (немесе) ұлғаюын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері.

Жоқ

Қазалы ауданының кәсіпкерлік,
өнеркәсіп және туризм бөлімінің басшысы

А.Берікұлақов

ПРОЕКТ

О понижении размера ставки при применении специального налогового режима розничного налога по Казалинскому району

В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)» Казалинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Понизить размер ставки при применении специального налогового режима розничного налога по Казалинскому району с 4 процентов до 2 процентов.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования и распространяется на отношения, возникшие с 1 января 2024 года.

Должность

ФИО

**ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА
к проекту О понижении размера ставки специального
налогового режима розничного налога по Казалинскому району**

№ Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке Информация государственного органа разработчика

1. Наименование государственного органа-разработчика Коммунальное государственное учреждение «Отдел предпринимательства, промышленности и туризма Казалинского района»

2. Основания для принятия проекта нормативного правового акта со ссылкой на соответствующие правовые акты, нормы международных договоров, ратифицированных Республикой Казахстан, решения международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан, протокольные и иные поручения Президента, Руководства Администрации Президента, Правительства и Аппарата Правительства и/или другие обоснования необходимости его принятия

В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс)»

3. Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке) Не повлечет финансовые затраты, связанные с реализацией проекта.

4. Предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности

не имеет предполагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта

5. Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов О понижении размера ставки специального налогового режима розничного налога по Казалинскому району

6. Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации.

Нет

7. Необходимость приведения законодательства в соответствие с вносимым проектом нормативного правового акта в случае его принятия (указать требуется ли принятие других правовых актов или внесение изменений и/или дополнений в действующие акты) либо отсутствие такой необходимости.

Нет

8. Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, количество байт) Размещено на сайте интернет-ресурса акимата Казалинского района 30.01.2024 г.

Опубликовано на интернет-портал открытых нормативных правовых актов 30.01.2024г.

9. Информация о размещении пресс-релиза к проекту нормативного правового акта, имеющему социальное значение, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов Размещено на сайте интернет-ресурса акимата Казалинского района 30.01.2024 г.

10. Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан.

Нет

11. Результаты расчетов, подтверждающих снижение и (или) увеличение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта.

Нет

Руководитель коммунальное государственное
учреждение «Отдел предпринимательства,
промышленности и туризма Казалинского района»

А.Берікұлақов

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

(Соңы. Басы №8 санда)

-Келін, бізді сыйлағаның шығар, өз балаң Серіктің де атын атамайтын едің. Ол үшін саған көп рахмет, қарағым. Сен көңілімді қалдырмаған әдепті балам болдың. Қайсыбіреулердің келінін көрген де саған шүкіршілік ететінмін. Енді не дейін, қарағым, Серік өз балаң, қимасақта алып кете ғой, шырағым. Балаңнан айырап безбүйрек біз емес. Бірақ, Серікті Арманымнан бір кем көрмеймін. Ол Арманның... Ар-ма-н жанымның көзі, -деп даусы дірілдеп, тарғылданып шығып тамағына өксік тығылғаны байқалды. – Серіктің ендігі тағдырын саған сеніп тапсырдым, балам, -деді егіле түсіп...

-Ата-ау, ол не дегеніңіз. Серік менің балам емес, Сіздің балаңыз. Ол Арманның өмірінің жалғасы, өзі болмаса да көзі емес пе? Мен қанша қатігез болсам да, Серікті сіздің қолыңыздан қалай алып кетпекпін. Онда мұным Сізге, Арманның әруағына опасыздық жасағаным болмай ма? Жоқ, ата, Серік өз отбасында, Арманның ошағының басында қалады. Мен алдағы тағдырыма көніп-ақ бағайын. Ата, Сіз тек ақ батаңызды ризашылықпен берсеңіз болды. Сол көңіліме медет, жаралы жүрегіме жұбаныш болсын...

Гауһар ата-енесінің алдында табиғатына бітпеген батылдық жасап, Серіктің бетінен кезек-кезек сүйіп, қайта-қайта құшағынақысып, аймалап, көңіл шерін босатты. Көзіндегі мөлдір жас тамшылары жерге тырстырс тамып жатты. Сондағы Серіктің сәби қылығын айтсайшы. Әншейінде Гауһарға жоламайтын Серіктің сәби жүрегі әлденені сезгендей атасы мен әжесіне жалтақтап қарап алып өксікке тұншыққан Гауһардың қойнына еріксіз тығыла түсті. Гауһар да, ата-енесі де көз жастарын тия алсашы. «Жетім қалатын болдың-ау», -деп енесі күрсінген, «Апа, ондай сөзді енді қайталамаңызшы», -деп Гауһар шырылдаған. Сонда Гауһардың бауыр еті баласынан безінбегені анық. Жастайынан ел салты мен дәстүрін бойына сіңіріп, өнегелі отбасында тәрбиеленгендіктен ата-енесінің, жан-жары Арманның қасиетті шаңырағын сыйлап, Серікті қанша қимаса да ата-енесінің отбасында қалдырды. Ата-енесі де Гауһарды қимаса да ризашылықпен ақ батасын беріп аттандырды. Содан бері қаншама жыл өтті. Өмірде қаншама өзгерістер болды. Зымыраған уақытта сірә тоқтау бар ма? Бірақ Гауһар сол кеткеннен Арманның шаңырағына ат ізін салмады. Неге? Бұл екі жақ үшін де жұмбақ.

...Нұртас ойлайды, егер менің көңілім алдамаса бей-

таныс жан сізді көргенде мен сол асыл жеңгем Гауһарды көргендей болып отырмын. Қателеспесем, мен үшін Сіз сол Гауһарсыз. Сіз мені танымайсыз. Ал, мен есейген шақта жол үстінде өзіңмен кездейсоқ кездесіп отырмын. Тағдырдың табыстыруын қарасайшы. Бәлкім, бұл кездейсоқ жағдай дегенге менің көңілім сенбейді. Маған осылай болуы заңды сияқты. Біз түбінде кездесуіміз керек-ті. Жеңеше, менің маңдайымнан қалай сипасаң, менде Серігіңнің маңдайынан талай рет сипағанмын. Менің ойға шомып, кейде абдыраған кескініме қарап, бұл өзі қандай жан деп күдіктенетін боларсың. Арада өткен қаншама жылдар арамызда перде болып тұтылып, бірімізден-бірімізді көмескілеп, бейтаныс жандардай еткенін қарасайшы. Апырай, қимас адамым сізді де санамнан өшіріп жібере жаздағанымды қарашы. Әрқайсысымыз тағдырдың бұралаң соқпағына түсіп алып, өз жөнімізбен кете барыппыз. Алғашқы да сізді отбасымыз болып ұмыта алмадық. Жақсы қылықтарыңды, мінезінді айтып еске алатынбыз. Бірақ бізбен хабарласпай кеттің. Әкешем анда-санда күрсініп алып «тірі жүрме екен, хабарласпай кеткені несі, Серікте ержетіп қалды, анасымен бір кездестірсек», -деп отыратын...

Нұртас көз қиығымен әйелге ұрлана қарады. Сол ма, әлде соған ұқсас басқа жан ба екен деген күдігі әлі сейілер емес. Ойы сан-саққа жүгіре отырып, өзінің тойға келе жатқаны есіне түскенде қуанудың орнына біреу төбесінен суық су құйып жібергендей қарап отырып қалтырап кетті. «Кешір мені, аяулы жеңешем. Мен сенің тұңғышың Серіктің тойына асығып келем. Тағдырдың кімге не сыйларын кім білсін. Ал, сен болсаң туған балаңның тойынан бейхабарсың. Сен оның қалай ержеткенін білмейсің. Орны бар оңалар деген сол. Серік облыс орталығындағы педагогикалық институтты бітірді. Сол сен баяғы келін болып түскен ауылдағы орта мектепте мұғалім болып жұмысқа орналасты. Өзің босағасын аттаған бөкене үйдің орнына жаңадан еңселі үй салып алды. Енді өзің келін болып түскен шаңырақтың табалдырығын тағы бір сүйкімді жан аттамақшы. Ата-енең бүгінде қартайып, балаларының тілегін тілеумен отыр, жеңеше», -деп іштей бейтаныс жанға тіл қатты.

-Мама, су берші, -деген баланың жіңішке даусы Нұртастың ойын бөліп жіберді.

-Қазір, қазір қызым, сәл отыра тұр. Мен саған су әкеліп берейін, -деп бейтаныс келіншек орнынан асығыс көтеріліп, купеден шығып бара

жатты.

Нұртас жатқан орнынан тұрып, тіктеліп отырды. Гауһарға өзін таныстырсам ба екен депте ойлады. Екінші бір ойы өткенді еске түсіріп, ескі жараның аузын тырнап алармын, осы уақытқа дейін хабарласпағанына қарағанда бізді ұмытып та кеткен шығар деген тоқтамға келді. Осы сәт есіне әлдене түскендей шалт қимылдап, жоғарғы полкадағы чемоданын алып, ашып екі балаға алма ұсынды. Бейтаныс адамға таңырқай қараған екеуі алғашқыда аз-кем тосылып тұрды да қып-қызыл алманы көргенде балаға тән қызығушылықпен қол созды.

-Балақай атың кім? -деді Нұртас үлкеніне назар салып:

-Менің атым Гүлжан. Ал, інімнің аты Берік, -деді ол жанындағы балаға қарағыштап қойып. –Аға, менің де ағам бар. Аты Арман, ол да маған алма әкеліп береді. Осы сәт Нұртастың жүрегі өрікпи соқты. Аузынан «Мамаңның аты кім?» деген сөздің қалай шыққанын байқамай қалды.

-Гауһар, -деді екеуі қосарлана жауап қатып.

...Нұртас киімдерін жедел киді. Одан соң чемоданын ашып екі балаға уыстап алма берді де, беттерінен сүйіп болып купеден шығып бара жатқанда балаларына су әкеле жатқан Гауһармен соқтығысып қала жаздады. Сол сәт одан кешірім сұрау ойына келмеді. Бұл кезде пойыз «Сұлутам» станциясына жақындап қалған еді. Нұртас екі ойлы. Гауһарға өзін таныстырғаны жөн бе, әлде...деп ой құшағында тербеліп тұрғанда жүрдек пойыз «Сұлутам» станциясына келіп тоқтады. Нұртас вагоннан секіріп жерге түсті де дереу чемоданын тізесіне қойып, қолындағы аққағазға үлкен әріптермен түсінікті етіп, «Жеңеше» деп жазып леп белгісін қойды. Одан соң өзінің аты-жөнін жазып, Серіктің тойына келе жатқанын, өзімен пойызда бір купеде келгенін, қуанышқа ортақтасуға келуін міндетті түрде өтініп, өзін таныстырмағаны үшін кешірім сұрап, ата-анасының үйінің адресін жазып, одан соң аққағазды төрт бүктеп қолына қысып ұстады да вагон ішіне қайта кірді. Жүзі таныс жолсерік қыз Нұртастың бір заты ұмыт қалғандай вагонға қайта аптыға асыға кіргеніне таңдана қарады. Нұртас оған «қазір, қазір қайта шығамын» -деді де әлгіндегі өзінің купесінің есігін қайта ашты.

Гауһар купеге асыға-аптыға кірген әлгіндегі жігітке үрке қарады. Тіксініп жинақталып отырды.

-Жеңеше, Гауһар кешір мені. Айыпқа бұйырмаңыз. Қаншама шыдамдылық танытқаныммен

Сізге өзімді таныстырмауға адамдық арым бармады. Мен Нұртас деген қайныңмын. Есімімді ұмытқанда шығарсың. Арманның інісімін ғой. Серіктің үйлену тойы болады. Тойға міндетті түрде келіңіз, күтеміз. Келіңіз, құшақ жая қарсы аламыз. Сізді көрдім деп әке-шешемді де қуантайын. Міндетті түрде тойға келіңіз..., -деп абдырады Нұртас. Нені айтып, не сөйлеп жатқанына есеп беріп жатқан ол жоқ. –Сау болыңыз, жолыңыз болсын. Мына қағазда бәрі жазылған, -деді де қолындағы бүктеулі қағазды Гауһардың қолына ұстата салды да купеден шыға жөнелді.

Гауһар алғашқы да ешнәрсені түсіне, ұға алмады. Жын ұрғандай жас жігіттің аптыға сөйлегенінен еш нәрсені ұқпаса да, тек Арман, Серік деген сөз жүрегін шым еткізді. Ұмыт бола бастаған асылжанның бейнесі көз алдында қайта көлбеңдеді. Мазасыз күйге түсті. Сосын түйсігімен әлденені сезгендей болып қолындағы бүктеулі қағазды жазып, хаттағы сөйлемдерді асықпай оқуға кірісті.

Нұртас вагон басқышына аяғын салып жерге секіріп түскенімен пойыз жанынан ұзап кете алмады. Жүрдек пойыз ышқына гудок беріп орнынан қозғалды. Әлгінде өзі ішінде келген он төртінші вагон тұсынан өтіп барады. Әлдекім терезеден басын шығарып қол бұлғағандай ма? Жоқ, ешкім де қолын бұлғап бара жатқан жоқ. Көңіліне солай сезілген екен. Пойыз бірте-бірте жылдамдағын арттырды. Нұртас пойыз станциядан ұзап кеткенше соңынан ұзақ қарап тұрды. Себебі, онда қимас адамы, аяулы жеңешесі кетіп барады.

Қош бол, менің аяулы жеңешем. Мен сенің қайда бара жатқаныңды білмеймін. Тек, бақытты болшы! -деді Нұртас ауыр күрсініп.

Серіктің үйлену тойынан кейін бірнеше күн өткенде «Аранды» аулының кәдірменді ақсақалы Нұрмағанбет қарттың үйіне қуанышты хабар жетті. «Күтіндер, Гауһар» деген қуанышты бір ауыз сөз әулеттің көңілін жадыратты. Отбасы мүшелері құрметті қонақты күтіп алуға асықты. Әсіресе Нұрмағанбет қария мен Ажар ананың қуанышында шек жоқ. «Бір келерін біліп едім ғой, Серігімен табысатынын сезіп едім ғой», -деп Нұрмағанбет қария күбірлей сөйлеп, байыз табар емес. Әншейінде сабырлы қарттан маза кеткен. «Қонақ күтуге мұқият дайындалыңдар», -деп отбасы мүшелеріне тыныштық берер емес...

**Раушанбек СЕЙТЕНОВ,
«Тұран-Қазалы»**

«Ару Ана» республикалық үздік әйелдер жобаларының конкурсына өтінімдерді қабылдау басталды

«АруАна» республикалық комиссиялардың мүшелері үздік әйелдер жобалары конкурсы әлеуметтік бағыттағы үздік идеялар мен жобаларды іске асыратын әйел көшбасшыларды қолдауға, біріктіруге және ілгерілетуге бағытталған.

Әлеуметтік бағыты бар үздік әйелдер жобаларын іріктеу Қазақстанның барлық өңірлерінен жүзеге асырылады.

Конкурс Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен өткізіледі және 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орайластырылған.

Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні қарсаңында салтанатты түрде диплом және ерекшелік белгісін (мүсінше) тапсыра отырып өткізіледі.

Кім қатыса алады?

Конкурсқа қатысушылар Қазақстан аумағында әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыратын әйелдер мен әйелдердің қоғамдық бірлестіктері болып табылады.

Іріктеуді кім жүзеге асырады?

Өтінімдерді іріктеуді конкурстық комиссия жүзеге асырады.

Конкурс жеңімпаздарын айқындау жөніндегі Комиссия тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің өкімімен мүдделі мемлекеттік органдардың, азаматтық сектордың өкілдері, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі өңірлік

комиссиялардың мүшелері қатарынан кемінде 5 (бес) адам көлемінде тиісті өңір әкімінің жетекшілік ететін орынбасарының/әкім аппараты басшысының төрағалығымен құрылады.

Конкурстық комиссия мынадай өлшем шарттарды ескере отырып, ашық дауыс беру арқылы, отырысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік дауысымен шешім қабылдайды:

• жобаның өзектілігі (1-ден 5 баллға дейін);

• жобаның әлеуметтік маңыздылығы (1-ден 5 баллға дейін);

• жобаның қол жеткізілген нәтижелері (1-ден 5 баллға дейін);

• жобаны қамту (1-ден 5 баллға дейін).

Нақты жоба бойынша мүдделер қақтығысы болған жағдайда комиссия мүшесі бұл туралы Комиссияны хабардар етеді және нақты жоба бойынша дауыс беруге жіберілмейді.

Іріктеу қорытындысы бойынша 1 (бір) жеңімпаз жоба Ұлттық комиссияға жіберіледі.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі
Өтінімдерді қабылдау – 2024 жылғы 5-20 ақпан аралығында өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін тиісті өтінімді толтырып K.karimova@korda.gov.kz электрондық мекен-жайына немесе қағаз түрінде Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі №1, Қызылорда облысы әкімдігі, 305 бөлме.

Барлық сұрақтар бойынша 60-55-13; 87020768280 телефоны бойынша хабарласу қажет.

Өтінім жобасы

«АруАна» республикалық Үздік әйелдер жобалары конкурсына қатысу

1. Жоба авторының (басшысының) немесе командасының ТАӨ

2. Жобаның бағыттары (төмендегі тізбеден біреуін жазу қажет):

• Агробизнес саласындағы үздік жоба.

• Үздік IT жобасы

• Шығармашылық индустрия саласындағы үздік жоба

• Жаңа медиа саласындағы үздік жоба (БАҚ, әлеуметтік желілер).

• Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы үздік жоба.

• Инклюзивті даму саласындағы үздік жоба.

• Ғылым және инновация

саласындағы үздік жоба.

• Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы белсенді құқық қорғаушы.

• Үздік әйел кәсіпорын басшысы.

• Әйелдер құқығын қорғау саласындағы үздік ҰЕҰ және басқалар.

3. Жобаның атауы

4. Жобаның сипаттамасы (5-7 ұсыныстан артық емес)

5. Жобаның мақсатты аудиториясы.

6. Жобаның әлеуметтік маңыздылығын сипаттау.

7. Растайтын құжаттар (бар болса), фото және бейнематериалдар

8. Жоба авторының (басшысының) байланыстары.

Начат прием заявок для участия в республиканском конкурсе лучших женских проектов «АруАна»

Республиканский конкурс лучших женских проектов «АруАна» направлен на поддержку, объединение и продвижение женщин-лидеров, реализующих лучшие идеи и проекты социальной направленности.

Отбор лучших женских проектов, имеющих социальную направленность, осуществляется со всех регионов Казахстана.

Конкурс проводится под эгидой Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте Республики Казахстан и приурочен к Международному женскому дню 8 Марта.

Церемония награждения победителей конкурса проводится в торжественной обстановке накануне Международного женского дня 8 Марта с вручением диплома и отличительного знака (статуетка).

Кто может участвовать?

Участниками конкурса являются женщины и женские общественные объединения, реализующие социально-значимые проекты на территории Казахстана.

Кто проводит отбор?

Отбор заявок проводится конкурсной комиссией.

Комиссия по определению победителей конкурса создается распоряжением акима соответствующей административно-территориальной единицы из числа представителей заинтересованных государственных органов, гражданского сектора, членов региональных комиссий по делам женщин и семейно-демографической политике в количестве не менее 5 (пяти) человек под председа-

тельством курирующего заместителя акима/руководителя аппарата акима соответствующего региона.

Конкурсная комиссия принимает решение открытым голосованием, большинством голосов ее членов, участвующих в заседании, с учетом следующих критериев:

• актуальность проекта (от 1 до 5 баллов);

• социальная значимость проекта (от 1 до 5 баллов);

• достигнутые результаты проекта (от 1 до 5 баллов);

• охват проекта (от 1 до 5 баллов).

В случае наличия конфликта интересов по конкретному проекту член комиссии уведомляет об этом комиссию и не допускается к проведению голосования по конкретному проекту.

По итогам отбора направляется в Национальную комиссию 1 (один) проект-победитель.

Сроки приема заявок

Прием заявок осуществляется с 5 по 20 февраля 2024 года включительно.

Для участие в конкурсе необходимо заполнить заявку и направить на электронный адрес K.karimova@korda.gov.kz либо нарочно на адрес: г. Кызылорда, ул. Бейбарыс султан №1. Акимат Кызылординской области, №305 кабинет

Заявка для участия в конкурсе подается в бумажном или электронном варианте с приложением подтверждающих документов (при наличии), фото и видеоматериалов.

По всем вопросам обращаться по телефону 60-55-13; 87020768280

Форма Заявки

на участие в Республиканском конкурсе лучших женских проектов «АруАна»

1. ФИО автора (руководителя) или команды проекта

2. Направления проекта (нужно указать один проект из нижеперечисленных):

Лучший проект в сфере агробизнеса.

Лучший IT-проект

Лучший проект в сфере креативной индустрии

Лучший проект в сфере в новых медиа (СМИ, социальные сети).

Лучший проект в сфере защиты прав женщин и детей.

Лучший проект в сфере инклюзивного развития.

Лучший проект в сфере науки и инноваций.

Активный правозащитник в сфере защиты прав женщин и детей.

Лучшая женщина – руководитель предприятия.

Лучшее НПО в сфере защиты прав женщин и другие.

3. Наименование проекта

4. Описание проекта (не более 5-7 предложений)

5. Целевая аудитория проекта.

6. Описание социальной значимости проекта.

7. Подтверждающие документы (при наличии), фото и видеоматериалы

8. Контакты автора (руководителя) проекта.

Меншік иесі: «ТҰРАҢ-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.